



ЕЛОРДА ТУРИЗМІ: ӨСІМ ОРНЫҚТЫ

5-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



ШУ ШЫҚПАСА ШЕШІЛМЕЙ МЕ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



КЕРІСТІҢ СОҢЫ КЕЛІСІММЕН БІТЕ МЕ?

9-БЕТ | ШАРТАРАП

НАУРЫЗДА НЕШЕ КҮН ДЕМАЛЫС?

2025 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА, МЕРЕКЕ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІН ҚОСҚАНДА, ЕЛ АЗАМАТТАРЫНА 14 КҮН ДЕМАЛЫС БЕРІЛЕДІ.

Көктемнің алғашқы айында Қазақстанда екі мемлекеттік мереке аталып өтеді: Халықаралық әйелдер күні және Наурыз мейрамы. Биыл 8 наурыз мерекесі күнтізбеде сенбіге тұспа-тұс келіп тұр. Осыған орай, мерекелік демалыс дүйсенбіге, яғни 10 нау-

рызға ауыстырылады. Демек, Қазақстан халқы 8, 9, 10 наурыз қатарынан үш күн демалады. Ал Наурыз мейрамы демалысы 21 наурыз – жұма күнінен басталып, 25 наурызды қоса қамтиды. Мерекеден кейінгі жұмыс аптасы 26 наурыздан басталады.

№26
(4770)

Бейсенбі
6 наурыз
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН



Кеше Мәжіліс депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Астананы және республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Жеті бағытты қамтитын заң жобасында жаңалық көп. Астана мен республикалық маңызы бар қалаларға бірыңғай дизайн-код енгізіледі.

4

АСТАНАНЫҢ ӨМІРІНДЕ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

LRT: АЛҒАШҚЫ СТАНСА ДАЙЫН

CTS көлік компаниясы Астана халықаралық әуежайы маңында Қабанбай батыр даңғылы бойында орналасқан LRT стансаларының бірін көрсетті.

«City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметінің хабарлауынша, №101 жобалық атауымен белгілі стансасында әрлендіру жұмысының барлығы аяқталды. Сондай-ақ металл конструкциялар монтаждалып (497,51 тонна), сырты арнайы материалдармен қапталды (4765 м²). LRT-ның болашақ стансасы эскалаторлармен, лифттермен, жолаушылар үшін ыңғайлы интерактивті экрандармен жабдықталған. LRT желісі жердегі (11 станса) және жерүсті (7 станса)

болып бөлінетін екі деңгейлі заңдары мен платформалары бар 18 стансадан тұрады. Компанияның баспасөз қызметі Сығанақ (екі станса), Ш.Қалдаяқов (төрт станса) көшелерінде және «Нұрлы жол» теміржол вокзалы ауданында (бір станса) орналасқан стансаларды жол ортасына қарай орналасуы ерекшелендіріп тұрғанын жеткізді. Оларға жету қауіпсіз болуы үшін жеті стансаның әрқайсысына екі-екіден жерүсті өткелдерін салу қарастырылған.



ЖЕКЕ КҮӘЛІК ОНЛАЙН АУЫСТЫРЫЛАДЫ

Елімізде төлқұжат пен жеке куәлікті электрондық үкімет порталы мен мобильді қосымшалар арқылы онлайн форматта ауыстыруға мүмкіндік беріледі.

Бұл жөнінде Ішкі істер министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бірлесіп әзірлеген құжат жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды.

«Жобаның мақсаты – «Қазақстан Республикасы азаматтарына төлқұжаттар мен жеке куәліктер беру» мемлекеттік қызметін қолданыстағы тәртіпке балама ретінде онлайн форматқа көшіру. Бұл қанатқақты жоба ретінде 2026 жылдың 1 наурызына дейін жүзеге асырылады» делінген түсіндірме жазбада.

Аталған құжат жобасы 19 наурызда дейін қоғамдық талқылауға ұсынылып отыр. Елімізде биыл 1 қаңтардан бастап төлқұжат пен жеке куәлік жасату құны өсті.

7/8/9
НАУРЫЗ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңке сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін Н.Тілендиев даңғылы, 12 А мекенжайында орналасқан «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 519.14 \$ USD/KZT 499.22 ₸ RUB/KZT 5.64 ¥ CNY/KZT 68.59

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



Өңір жоспарын таныстырды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспековті қабылдады. Мемлекет басшысына облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен жылы өнеркәсіп өндірісі 8 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 28 пайызға және тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші 30 пайызға өскені жөнінде баяндалды.

Облыс әкімінің айтуынша, былтыр өңірге 226 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылған. Оның 89 пайызы – жеке инвестиция. Жалпы сомасы 940 миллиард теңге болатын инвестициялық пул жасақталды. Биыл құны 138 миллиард теңгені құрайтын 17 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл орайда құрылыс,

сауда, логистика, энергияның балама көздері және туризм салалары инвестиция тартуға айтарлықтай тартымды деп танылған. Мемлекет басшысына жылыту маусымының барысы және «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізу жайында мәлімет берілді.

Президентке қатерлі өндіріс орындарында еңбек ететін азаматтардың қауіпсіздігін сақтау бағытында бұған дейін берген тапсырмасына сай атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалды. Тиісті шараларды әкімдік Үкіметпен бірлесіп жүргізуде. Дастан Рыспеков «Қазақмыс»

корпорациясының кенішінде таяуда болған апат салдарынан қаза тапқан шахтерлердің отбасыларына қандай көмек көрсетіліп жатқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үшін жер қойнауын пайдаланушы ірі компаниялармен жұмысты жалғастырудың маңызды екенін атап өтті. Облыс әкіміне көлік-логистика әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, сапалы медициналық қызмет көрсету, халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету және экологиялық мәселелерді шешу жөнінде тапсырма берілді.

ӘКІМГЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровті қабылдады. Кездесу барысында Президентке Түркістан облысының былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы кезеңге арналған жоспары баяндалды.

Облыс әкімі ирригация нысандарын қайта қалпына келтіру үшін Ислам даму банкінен қаржы тартылып жатқаны жөнінде мәлімет берді. Қазіргі кезде 135,5 миллиард теңгеге 24 жобаны қаржыландыру мақұлданды. Бұдан бөлек, Түркістан қаласын және жақын маңдағы 6 ауданды сумен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында «Бәйдібек ата» су қоймасының құрылысы жүргізіліп, «Боралдай» су

терінде құны 197 миллиард теңгені құрайтын 5 жоба іске асырылмақ. Сонымен қатар жүгері-сірне зауытының құрылысы басталып, Австралия тәжірибесіне сай ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту қолға алынды.

Бүгінгі таңда энергетика тапшылығын шешу мақсатында жалпы қуаты 2,4 ГВт-ты құрайтын 6 жобаны іске асыру көзделіп отыр. Сонымен қатар

налық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін 32 нысан пайдалануға беріліп, 45 елді мекенге табиғи газ құбыры тартылуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыстың жаңа басшысына кеше қол қойылған «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңда айқындалған міндеттерді сапалы жүзеге асыру үшін Үкіметпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді тапсырды. Сонымен



қоймасының жобасы әзірленіп жатыр.

Нұралхан Көшеровтің айтуынша, ауыл шаруашылығы саласында мақта, жүгері және ет кластерлерін дамытуға айрықша мән беріледі. Атап айтқанда, мақта-тоқыма клас-

индустриялық аймақтарды қажетті инфрақұрылыммен қамту үшін тиісті жұмыстар атқарылады. Нұралхан Көшеров биыл өңірде 32 мектеп салынып, 41 білім ошағына күрделі жөндеу жүргізілетінін айтты. Сондай-ақ медицина-

қатар Президент облыс тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсарту, туризм, ауыл шаруашылығы және шағын кәсіпкерлік бағыттарын дамыту, елді мекендерді ауыз сумен толықтай қамтамасыз ету міндеттерін жүктеді.

КӨКӨНІС БАҒАСЫ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жұмыс кеңесін өткізіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының қазіргі жағдайын талқылады.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметтері бойынша осы жылдың ақпан айында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасының өсу индексі 1,3 пайызға дейін баяулаған. Сонымен қатар бес тауар түрі: күріш (-2,9%), жұмыртқа (-1,4%), ұн (-0,8%), макарон өнімі (-0,4%) және қарақұмықтың (-0,2%) бағасы арзандады. Алайда жыл басынан бері көкөніске бағаның маусымдық өсуі байқалуда.

Өңірлерде қордағы өнімдерді сату жұмысы жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Ербол Тасжүреков 156,9 мың тонна жалпы көкөніс қорының 53,9 мың тоннасы сатылғанын, қазіргі сәтте 92,5 мың тонна көкөніс қоры қалғанын хабарлады.

«Жүргізілген түтендеулерден кейін қоймалардағы картоп қоры 47,6 мың тоннаны, сәбіз 16 мың тоннаны, пияз 14,6 мың тоннаны, қырыққабат 14,1 мың тоннаны құрап отыр» деп мәлімдеді Е.Тасжүреков.

Құзырлы министрлік өкілінің айтуынша, бұл қорларды сату жұмысы жалғасуда. Серік Жұманғарин нарыққа өнімдерді аз жеткізген, азық-түлік бағасын тиімсіз реттейтін өңірлердің жұмысын сынға алды. Атап айтқанда, елорданың ірі сауда желілерінің бірінде ақпан айында картоп жеткізу кешіктірілгені байқалды, осыған байланысты Сауда комитеті мен «ҚТЖ Экспресс» АҚ көмегімен аталған көкөністі жедел жеткізу жұмысы ұйымдастырылды.

Серік Жұманғарин басқа өңірлерде мұндай жағдайлардың алдын алу үшін картоп және әлеуметтік маңызы бар өзге де тауарлар қорына тексеріс жүргізуді тапсырды.

Тұрақтандыру қорларындағы өнімді сату, маусымаралық кезеңнің басталуына байланысты жекелеген аймақтарда импортталған картопты жеткізу басталды. Сонымен қатар аумақтық сауда департаменттері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларға сауда үстемесін бақылау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Жыл басынан бері және 27 ақпандағы жағдай бойынша 842 сауда нысаны сауда үстемесін асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарланады.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз.

Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АПАТТЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтік комиссияда «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС «Жомарт» кенішіндегі апатты тергеудің алдын ала қорытындылары қаралды. Тергеу аясында 8 кіші комиссия құрылып, ғылыми-зерттеу институттары мен зертханаларының сарапшылары мен мамандары да тартылды.



Тергеу барысы туралы Төтенше жағдайлар, Ішкі істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдерінің баяндамалары тыңдалды. Атап айтқанда, комиссиялар мен кіші комиссиялардың мүшелері оқиғаны көзімен көрген куәгерлер арасында сауалнама жүргізді, өндіріс технологиясын зерттеп, техникалық құрылғылар мен жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын тексерді, тиісті сараптамалар жүргізілді.

Комиссия тау-кен қазбасынан метанның жиналуы мен бөлінуі, содан кейін электр жабдықтарының ұшқынынан жарылыс болуы сияқты апат-

тың негізгі себебін анықтады. Сондай-ақ өнеркәсіптегі қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша айтарлықтай ереже бұзушылықтар анықталып, жауапты тұлғалар тобы белгілі болды. Жиында Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков пен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Нұрахмет Нұриев апатта қаза тапқандардың отбасыларына әлеуметтік қолдау мен көмек көрсету, өтемақы төлеу бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.

Қазіргі уақытта «Жомарт» кенішінің жұмысы тоқтатылды. Комиссия қауіпті өндіріс объектілерінде осындай оқиға-

лардың алдын алу шараларын әзірледі. Кеңес қорытындысы бойынша комиссия төрағасы Қанат Бозымбаев «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ке бұзушылықтарды жою мен апаттардың алдын алу бойынша, оның ішінде кеніштегі қауіпсіздікті арттыру, ауадағы газ құрамын анықтаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу, бейнебақылау орнату және басқа да бірқатар тапсырма берді. Тергеу жұмыстары жалғасуда әрі ұдайы бақылауда болады. Сәл шегініс жасасақ, биыл 17 ақпанда Ұлытау облысындағы шахтада апат болып, 7 адам қаза тапқаны мәлім.



ҚХА: БІРЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ ЖОЛЫ

Елімізде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға елеулі үлес қосып отырған Қазақстан халқы ассамблеясының құрылғанына биыл 30 жыл толады. Осы аралықта консультативтік-кеңесші органнан парламенттік өкілдік ету құқығы бар конституциялық институтқа айналған беделді ұйымның қатысуымен мемлекеттік саясат этносаралық қатынастар саласында іске асып келеді.

Президент биыл «Ана тілі» газетінде жариялаған «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» атты мақаласында: «Қазір әлемде бұрын-соңды болмаған аса күрделі геосаяси ахуал қалыптасып отыр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбітшілік үшін диалог орнату жолында тиімді рөл атқаратын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді» деп жазды. Осы ретте Қазақстанда ассамблея депутаттарының заң шығару қызметіне қатысуы этносаралық және конфессияаралық келісімді, толеранттылықты нығайтуға, этностық факторды, қоғамдағы экстремизм мен радикализм көріністерін саясиландыруға жол бермеуге септік етеді.

Астаналық ассамблеяның қызметі бас қаламен тығыз байланысты. Қаланың сан салалы бағытының қарқынды дамуына, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өркендеу жолына беделді ұйымның қосар үлесі зор. Президент ел дамуында Астананың орны ерекше екенін, елордамыз дамудың жаңа үлгісіне көшуге тиіс екенін айтып, нақты тапсырмалар береді.

Елорда ассамблеясының тарихы өткен ғасырдың 90-жылдары ондаған этномәдени ор-



талықтың басын құраудан басталған. Қазіргі уақытта оның қатарында 23 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Дәстүр мен мәдениетті сақтауда, өзара ықпалдастықта, мәдениетаралық коммуникацияны нығайта түсуде елордалық ассамблеяның қоғамдық құрылымдарының жұмысы үлкен рөл атқарады.

Астанадағы Достық үйі құрылған кезінен бастап мәдениеттерді біріктіру және етіп көрсетудің орталығына айналды. Бүгінде ол ре-

сурстық, әлеуметтік, ақпараттық-әдістемелік орталық ретінде қызметін жалғастырып келеді. Мұнда заманауи жабдықталған және жоғары деңгейдегі іс-шараларды өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін «ANK Live» тікелей эфир студиясы жұмыс істейді. Ондағы дыбыс жазу студиясының көмегімен шығармашылық ұжымдар аранжировка жасап, өз өнерін дамытады. Қазақ музыкалық шығармаларын орындау кезінде түрлі этностардың халық аспаптарының шексіз мүмкіндігін көрсету бойын-

ша бірегей жоба – студияның басты ерекшелігі.

Бүгінде Достық үйіндегі түрлі ұжымдар бір үлкен отбасы ретінде өмір сүріп жатқанын атап өтуіміз керек. Әрбір отбасындағыдай мұнда да бәрі мүлтіксіз сақтайтын достық «ортақ үй» ережелерінің жасырын жинағы бар, атап айтқанда, олар – өзара көмек, ресурстарды қайырымдылық мақсатқа жұмылдыру, халықтық дипломатия, мәдениетаралық өзара іс-қимыл.

Елордалық этномәдени бірлестіктер құрылған күннен

бастап Қазақстан халқының келісімі мен бірлігін нығайту бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Қоғамдық келісім мәселесін құндылық ретінде қарастыратын жанның бәрін бір мақсатқа біріктіріп отырған ұйымды жұртшылық қоғамды жұмылдырушы тетік деп санайды. Себебі оның негізгі бағыттарының бірі – көпшілікті ортақ іске бастау, ілкімді іс-шараларға ұйытқы болу. Осы тұрғыда ассамблеяның қайырымдылық қызметіне ерекше назар аударған жөн. ҚХА-ның

қайырымдылық саласындағы жұмысын үйлестіретін «Жомарт жан» орталықтары көмекке аса мұқтаж жандарға көмек береді.

ҚХА-ның негізгі жобаларының бірі – «Жүректен жүрекке» бағдарламасы. Осы жоба аясында қалалық штаб құрылды. Бұл штаб көптеген қайырымдылық бастамаларын, соның ішінде су тасқынынан зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсетуді жүзеге асырудың үйлестіру орталығына айналды. Осы күш-жігердің арқасында су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге, атап айтқанда, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Петропавл және Ақтөбе қалаларына 42 тонна гуманитарлық жүк жөнелтілді. Бұл көмек 12 автокөлікпен жеткізіліп, зардап шеккендерге тез және тиімді қолдау көрсетуге септік етті.

Біздің ортақ міндетіміз – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің осы басты құндылығын сақтау, ұлғайту және болашақ ұрпаққа жеткізу. Бүкіл елмен бірге үйлесімді, әділетті, тұрақты қоғам құру – ассамблеяның басты миссиясы және ұйым осы мақсатты кезең-кезеңімен, жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Ассамблеяның мерейтойы этносаралық келісім және жалпыұлттық бірлік саясатының бірегей институтының 30 жылдық тарихына тереңірек үңілуге, оның қалыптасуы мен даму үдерісін түсінуге, ынтымақ пен бірегейлікті, қоғамдық келісімді нығайтуға септік етері сөзсіз.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі,
Астана қаласы ҚХА төрағасы

ЖОЛ АЙЫРЫҒЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысында салынып жатқан екі деңгейлі жол айырығының құрылыс барысымен танысты.



«Бірқатар жұмыс белгіленген кестеге сәйкес жүріп жатыр, алайда нысанның уақытында тапсырылмай қауіп бар. Орында кешігудің себептерін анықтадық. Нысанды тапсыру 2025 жылдың қазан айына жоспарланған, ал 2026 жылы айналасындағы аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Мердігерге құрылысты белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырдым» деп жазды мәслихат төрағасы.

Сондай-ақ №41 орта мектепке 600 орындық қосымша ғимарат салу жұмысы талқыланды. Құрылысты жақын арада бастап, биыл аяқтау жоспарланып отыр.

БІР МЫҢ АЗАМАТ ӘСКЕРГЕ АТТАНАДЫ

1 наурызда Қазақстанда азаматтарды әскери қызметке көктемгі шақыру басталды. Елордадан әскерге шақырылған 1 мың азамат әскери борышын өтеуге жіберіледі. Бұл туралы Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысының орынбасары Әнуар Әубәкіров қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлім етті.

Биыл әскерге шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ 18-27 жас аралығындағы жігіттер шақырылады.

Спикердің айтуынша, қазақстандықтарды 2025 жылы мерзімді әскери қызметке шақыру әскерге шақырылушылар санының артуы, әскери қызметтің беделі мен тартымдылығын

арттыру мәселелерінің жүзеге асырылуымен, сондай-ақ тіркеу және шақыру жұмыстарын цифрландырумен байланыстырылады.

«Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында, сондай-ақ әскерлердің қажеттілігіне сәйкес 2025 жылы осы санаттағы азаматтарды Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери

құрылымдарға шақыру 2000-ға жуық адамға ұлғайды. Сонымен бірге осы жылдың наурыз айынан бастап жергілікті әскери басқару органдарында мерзімді әскери қызметшілердің әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау бойынша шақыру және дәрігерлік комиссиялар жұмыс істей бастады» деді Әнуар Әубәкіров.

Халықаралық әйелдер күніне орай елорда мектептері «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакциясы аясында «Эко-сыйлық» жобасын жүзеге асырмақ. Іс-шара экологиялық өмір салтын насихаттауға бағытталған. Жоба Астанадағы 5 мыңға жуық студентті қамтиды.

ЭКОЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Апта бойы мектеп оқушылары қайта өңделген материалдардан жасалған бұйымдардың көрмесін ұйымдастырып, күнделікті тұрмыстағы заттарды экологиялық таза пайдалану жолдарын көрсетеді. Сол арқылы айналасын экологиялық мәдениетке үйретеді. Акция соңында оқушылар бөлмеде өсетін өсімдіктерді отырғызуды жоспарлап, 8 наурызда аналар мен әжелеріне сыйлайды.

«Бұл акцияның идеясы экологиялық таза өмір салтын насихаттау, қайта өңделетін материалдарды жинау және пайдалану мәдениетін дамыту мақсатында туындады. Біз қоғамның назарын қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға аудару маңызды деп ой-

лаймыз. Бұл әсіресе экологиялық мәселелер мен тұрақты тұтыну мәселесінде өзекті. Сонымен қатар келе жатқан мерекеге орай қымбатты нәзік жандарды жаңа өскен гүлмен қуантамыз» деді Астана қаласы әкімдігі Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы директорының әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Айгүл Әбдіреева.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өткен іс-шаралар мектеп оқушыларының тұлғалық даму деңгейінде оң нәтижелерге әкеледі деп атап өтті ұйымдастырушылар.

«Біз акциядан тұрғындардың экологиялық сауаты артады деп үміттенеміз. Іс-ша-

радан кейін оқушылар әртүрлі экожүйелер, олардың табиғаты және кездесетін проблемалар туралы біледі деп үміттенеміз. Мысалы, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның дегенуі, биоәртүрліліктің жоғалуы және тұрақты тұтыну. Мектеп оқушыларының ағаш отырғызуды қатысуы білімін іс жүзінде қолданудың, тәрбиелік бастамалардың, белсенді қатысудың және көшбасшылық қасиеттерді дамытудың алаңына айналады деп үміттенеміз. Бұл, түптеп келгенде, экологиялық бағдарланған ұрпақты қалыптастырады» деп атап өтті қалалық әкімдіктің Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы экология бөлімінің менеджері Айсулу Мұсатаева.



№26 (4770) 06/03/2025 Бейсенбі

Мақсатына сай пайдаланылмаған жер учаскелері аукцион арқылы сатылады. Тұрғын үйлерде тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығармағаны үшін тұрғын үй иесіне жауапкершілік күшейтіледі. Қалалық инфрақұрылым нысандары мен қоғамдық көліктер мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделеді. Астананың «жасыл белдеуін» қорғау заңнамалық деңгейде бекітіледі. Айыппұл тұрақтарының жұмыс істеу мәселелерін реттеу бойынша қағидаларды бекітуді облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихаттарының құзыретіне беріледі. Бұдан былай үлескерлердің ақшасын тартып, сатумен айналысатын компанияларға да заң талаптары қолданылады. Енді осы мәселелерді жеке-жеке тарқатып көрейік.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АСТАНАНЫҢ ӨМІРІНДЕ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Заңнамалық түзетулерді депутаттарға таныстырған Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин заң жобасы Мемлекет басшысының Астана қаласын дамыту жөніндегі кеңесте берген хаттамалық тапсырмасын және Президент Әкімшілігінің астананы дамыту тәсілдерін республикалық маңызы бар қалаларға тарату тапсырмасын орындау үшін әзірленгенін мәлім етті. Заң жобасы жер қатынастары, сәулет, құрылыс, көші-қон, жарнама, экология және тағы басқа салалардағы мәселелерді шешуге бағытталып, 1 кодекс пен 6 заңға түзетулер енгізуді көздейді.

БІРЫҢҒАЙ ДИЗАЙН-КОД ЕНГІЗІЛЕДІ

«Заң жобасының бірінші бағыты бірыңғай сәулеттік келбетті қалыптастыруды көздейді. Қазіргі уақытта қалалардың сәулеттік келбеті тек сыртқы (көрнекі) жарнама арқылы ғана емес, маңдайшалардың да ретсіз орналасуына байланысты нашарлауда. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жолдар мен көшелерді бояу арқылы орналастыру да қалалардың эстетикалық келбетіне теріс әсер етеді. Сонымен қатар қаланың сыртқы келбетінің нашарлауына қоғамдық орындарда аудио жарнаманың кең таралуы себеп болуда. Бүгінгі таңда аталған іс-әрекеттер заң бұзушылыққа жатпайды және заңнамада ешқандай әкімшілік шаралар көзделмеген. Осылайша, қалалардың сыртқы келбеті бойынша мәселелерін шешу мақсатында заңнамалық өзгерістер дайындалды» деді С.Жұманғарин.

Түзету енгізушілердің пікірінше, өзара үйлесімсіз әрі ретсіз орналастырылған сырт-

қы (визуалды) жарнамалар, маңдайшалар, көрсеткіштер салдарынан қазіргі уақытта елорда мен басқа да қалалардың әсемдік және сәулеттік келбетіне нұқсан келтіруде. Осыған орай, республикалық маңызы бар қалалар мен елорда мәслихаттарының құзыретін кеңейтіп, дизайн-кодты бекіту нормасын енгізу ұсынылады. Ал әкімдіктердің құзыретіне тұрақты емес нысандарды орнату және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу мен бекіту енгізілмек. Түзетулер аясында ашық кеңістікте аудиожарнама таратуға, сондай-ақ жаяу жүргіншілер жолдарында, велосипед жолдарында, автожолдар мен көшелерде сыртқы (визуалды) жарнамаларды орналастыруға тыйым салынады. Бұл өзгеріс азаматтардың қауіпсіздігі үшін қажет. Сонымен қатар аталған нормаларды Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (455-бап) енгізу мәселесі пысықталуда.

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ ҚАЛАЙ САТЫЛАДЫ?

Заң жобасын дайындаушылардың пайымынша, қазіргі уақытта жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушыларға белгілі бір себептермен тиесілі бола алмайтын учаскелерді қайта реттеу процедурасы реттелмеген. Сондай-ақ қолданыстағы тетік бойынша жер учаскелерін талапқа сәйкес игермеген бұрынғы иелері еншілес тұлғалар арқылы жерді аукционмен сатып алып, өзінде сақтап қалады, аукционнан келген ақша да сол тұлғаға түседі. Бұдан басқа, Жер кодексіне сәйкес игерілмеген жер

учаскесі аукционнан өткізілмеген жағдайда арнайы жер қорына есептеледі және оны одан әрі пайдалану мүмкіндігі жоқ. Осындай мәселелерді шешу үшін Жер кодексіне өзгеріс енгізу арқылы мынадай жаңа нормалар ұсынылады. Егер мақсатына сай пайдаланылмаған жер учаскесі жеке меншікке тиесілі болса, ол аукцион арқылы сатылуы тиіс. Осы ретте бұрынғы меншік иесіне тек жер учаскесін сатып алуға жұмсаған бастапқы сомасы ғана өтеледі. Егер жер аукционда жоғары бағаға сатылса, қалған сома бюджетке аударылады. Бұл аукционға үлестес тұлғалардың қатысуын болдырмауға және бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеуге мүмкіндік береді. Осылайша, жер телімін мақсатына сай пайдаланбаған меншік иелері жерді сатып алу мен сату арасындағы айырмашылықтан пайда таба алмайды.

«РЕЗЕҢКЕ ПӘТЕРЛЕРГЕ» ҚАЛАЙ ТОСҚАҒЫЛ ҚОЯМЫЗ?

Заң жобасының үшінші бағыты көші-қон үдерісін реттеуді көздейді.

«Әлемдегі ірі қалаларда сапалы білім мен медицина, дамыған инфрақұрылым, инновациялар мен технологиялар шоғырланған, бұл өз кезегінде урбандалудың тез жүруіне әсер етеді. Осы құбылыс Қазақстанға да тән. Қазіргі уақытта халық ірі қалаларда өмір сүруге ұмтылуда. Бұл пәтерлерде тұрғындардың санын шектеусіз тіркеу проблемасына алып келді. Тәжірибе көрсеткендей, тұрғын үй иелері үйінде нақты тұрмайтын жүздеген азаматты тіркеу

фактісі бар. Астанада бір пәтерге 800 адам тіркелген. 924 мекенжайда нақты тұрмайтын жүздеген азаматты тіркеу фактісі анықталған» деді нақты мысал келтіріп С.Жұманғарин.

Түйткілді мәселені шешу үшін мынадай жаңа нормалар енгізіледі: елорда аумағында тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша тіркеу нормативін бекіту, яғни мәслихат алдағы уақытта бір азаматқа қанша шаршы метр тиесілі екенін белгілейді; астана аумағында бір мекенжайда нормативтерден артық тіркеуге тыйым салу бойынша өзгерістер енгізіледі. Бұл ретте тіркеу нормативтері тұрғын үйдің меншік иесінің және жұбайының жақын туыстарына қолданылмайды. Сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу аясында тұрғын үйлерде тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығармағаны үшін тұрғын үй иесіне жауапкершілік күшейтіледі.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН КӨЛІК ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛА МА?

Қазіргі уақытта қалалық инфрақұрылым және қоғамдық көлік нысандары ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін толыққанды бейімделмеген. Бұдан басқа, тұрғын үй секторында, яғни аулаларда көлік құралдарының жылдам қозғалысы және бей-берекет қоршауларды, шлагбаумдарды орналастыру проблемасы бар. Осы мәселені шешу мақсатында республикалық маңызы бар қала

және астана мәслихатының құзыретіне қалада қолжетімді ортаны қамтамасыз ету қағидаларын бекіту; әкімдік құзыретіне тұрғын үй секторында қорғаныш конструкциялары мен реттеуші элементтерді орнату қағидаларын бекіту ұсынылады. Заң жобасын әзірлеушілердің айтуынша, бұл іс-шаралар қалалық инфрақұрылым нысандары мен қоғамдық көлікті ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолжетімді етуді, сондай-ақ тұрғын үй секторында, аулаларда көлік қозғалысы мәселесін шешуді қамтамасыз етеді.

ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ БЕКІТІЛЕДІ

Ұлттық экономика министрілігі бастамашы болған түзетулер елорданың «жасыл белдеуі» мәртебесін заңнамалық тұрғыдан анықтауға, оның жерлерін қысқартуға немесе зақымдауға жол бермеуге, оның аумағындағы жасыл желектің сақталуын қамтамасыз етуге және «жасыл белдеуді» басқару ережелерін бекітуге бағытталған. Ұлттық экономика министрілігінің мәліметінше, қазіргі уақытта елорданың жасыл аймағының аумағы 15 мың гектарды құрайды, онда 11,5 миллионнан астам ағаш және 2 миллионға жуық бұта өсіп тұр. Ұсынылып отырған түзетулерге сәйкес, Астана мәслихатына қаланың санитарлық-қорғау жасыл аймағын басқару ережелерін бекіту және оның аумағындағы қызмет түрлерін шектеу құзыреті беріледі.

Елорда «жасыл белдеуінің» шекарасын өзгерту тек Үкімет деңгейінде әкімдіктің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Сондай-ақ «жасыл белдеуді» күтіп-ұстау және дамыту жөніндегі тұрақты мемлекеттік әкімші енгізу, экологиялық жүйелердің жай-күйі мен тұрақтылығына, табиғи ландшафттарға теріс әсер ететін қызмет түрлеріне тыйым салу ұсынылады. «Жасыл белдеу» аумағында мал жаюға, үй жануарларын айдауға, қоқыс жинауға, аң аулауға және басқа да әрекеттерге тыйым салынады.

АВТОТҰРАҚТАР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ӨТЕДІ

Қазіргі уақытта тәркіленген көлік құралдары арнайы айыппұл тұрағында сақталады. Алайда оның жұмыс істеу механизмі реттелмеген. Осыған орай, облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихаттарының құзыретіне

айыппұл тұрақтарының жұмыс істеу мәселелерін реттеу бойынша қағидаларды бекіту ұсынылады. Сондай-ақ «литерлік» нысандарды тазалау үшін қызметкерлерге қойылатын қауіпсіздіктің жоғары талаптарын ескере отырып, Астана қаласында автокөлік жолдары мен көшелерді тазалау бойынша заңды тұлғаны айқындау ұсынылады.

Мәжіліс залынан тысқары жерде журналистердің сұрақтарына жауап берген Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев бұдан былай қалада автотұрақ мәселесімен 100 пайыз мемлекеттік мекеме айналысатынын мәлімдеді. Оның айтуынша, елорда аумағы өсіп бара жатқан соң, тұрақ саны да көбейеді.

«Қаладағы тұрғын үйлер мен саябақ алдындағы ақылы автотұрақтар алынып тастала ма, тасталмай ма, әзірге нақты айта алмаймын. Меніңше, дұрыс деп есептеймін. Қазір ол үй иелері үшін автотұрақ тегін. Үйі барларға өз атына тіркелген көліктерге тұрақ тегін, бірақ үйге келген басқа адамдарға ақылы болады» деп түсіндірді Е.Өтебаев.

ҮЙ САТАТЫНДАР ДА ЗАҢҒА БАҒЫНАДЫ

Заң жобасының жетінші бағыты тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелерін реттеуді көздейді.

«Қазіргі уақытта «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заң аясында бір тарап көптегерлі тұрғын үйдің құрылысын қамтамасыз етуге және құрылыс аяқталғаннан кейін осы пәтерді екінші тарапқа беруге міндетті, яғни екі тарап тарап бар. Алайда іс жүзінде құрылыс салушылар нысанның құрылысын бір компаниямен жүзеге асырады және азаматтарға басқа (үлестес) компаниямен сатады. Осылайша, үшінші тарапты қосу арқылы «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңмен реттелетін талаптардан жалтару ықтималдылығы туындайды. Сондықтан заң жобасында осы олқылықты болдырмайтын норма көзделген. Енді үлескерлердің ақшасын тартып, сатумен айналысатын компанияларға да заң талаптары қолданылады» деп түсіндірді жаңа нормаларды Үкімет басшысының орынбасары – Ұлттық экономика министрі.

Заң жобасын әзірлеушілер жоғарыдағы түзетулерді қабылдау қалалардың инфрақұрылымын дамытуға, қоғамдық нысандардың қолжетімділігін арттыруға, халықтың барлық топтары үшін қауіпсіз және жайлы орта құруға ықпал етеді деген пікірде. Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды.





ЕЛОРДАДА 2024 ЖЫЛЫ
ТУРИСТЕР САНЫ

1500 000

2023 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫР-
ҒАНДА 14%-ҒА АРТҚАН

2024 жылы Астана қаласының туристік секторы айтарлықтай өсім көрсетті. Келушілер саны 2023 жылмен салыстырғанда 14%-ға артып, 1,5 миллион адамға жетті. Негізгі туристік ағын Ресей, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ және Оңтүстік Корея елдерінен келді. Жалпы туризмді дамытудың негізгі бағыттарының бірі халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру екенін ескерсек, 2024 жылы Астана қаласында 168 ірі іс-шара өткізілді. Олардың қатарында ШЫҰ саммиті, Дүниежүзілік көшпенділер ойындары, Comic Con Astana, ENACTUS WORLD CUP, Automechanika Astana және Eurasian Book Fair бар. Бұл іс-шаралар мыңдаған туристің келуіне ықпал етіп, қаланың экономикалық дамуына оң әсер етті.

Мұнымен қоса, 2025 жылы Astana Tourism туристік даму орталығы өз қызметін бастады. Оның негізгі мақсаты – халықаралық іс-шараларды елге тарту, туристік тартымдылықты арттыру және қонақтарға қолайлы жағдай жасау. Ерекшелігі – осы саланы дамыту үшін ұйымдастырушылар мен инвесторларға қолдау көрсету мақсатында жеңілдетілген несиелер беру бағдарламасы қарастырылған. Орталықтың бастамасымен Астана қаласы Еуропалық ареналар қауымдастығына кіруді жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде әлемдік деңгейдегі концерттер мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аталған шешім ірі іс-шараларды ұйымдастыратын жетекші еуропалық ареналардың топ-50 қатарына енуге себеп болады. Еуропалық қауымдастыққа мүшелікке қабылдау шараларына дайындық аясында басқарушы нысандардың менеджментін сертификаттаудан өткізіп, қажетті құжаттарды әзірлеуде. «Барыс Арена» және «Астана Арена» басқарушы нысандарының таныстырылымы 2025 жылғы наурыз айында Белфаст қаласында қауымдастық конференциясында өтеді. Бұл ынтымақтастық шарттарын келісу және интеграция мәселелерін шешудегі маңызды кезең болмақ. Қауымдастыққа кіру 2025 жылы маусымда жоспарланып отыр.

ЕЛОРДА ТУРИЗМІ: ӨСІМ ОРНЫҚТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен туризм саласына жете көңіл бөлінуде. Бұл бағытта инфрақұрылымды дамыту, қызмет көрсету сапасын арттыру және жалпы шетелдік туристерді тарту үшін қолайлы жағдай жасау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Осы орайда, Астана қаласы өңірдегі ірі туристік орталықтардың бірі ретінде қарқынды дамып келеді. Халықаралық іс-шараларды өткізу, инфрақұрылымға салынған инвестициялар және мемлекеттік қолдау қаланы әлемдік деңгейдегі туристік хабқа айналдыруда.

Herisi, Astana Tourism туристік даму орталығы 12 стратегиялық бастаманы іске асыруда. Оған гастрономиялық, медициналық, MICE (іскерлік), өнеркәсіптік және ғылыми-білім беру туризмін дамытуға бағытталған жобалар кіреді. Атап айтқанда, Астана қаласында гастрономиялық туризм белсенді дамуда. Қала аумағында 2200-ден астам қоғамдық тамақтану орындары жұмыс істейді. 2024 жылы туристер арасында танымал «Сандық», «Негрони», «Дио» және басқа да мейрамханалар ашылды. Бұл бағытты дамыту мақсатында 2025 жылы «Сыроварна», «Негрони Pan-Asia», «Ауыл» және басқа да жаңа мейрамханалардың ашылуы

жоспарлануда. Сонымен қатар биыл Астана қаласының 50 Best Explore халықаралық рейтингіне қатысуы көзделіп отыр.

Медициналық туризм де өз орнын ала бастады. 2024 жылы Астанаға 4500 медициналық турист келді. 2025 жылы бұл көрсеткіш 8 мың адамға дейін өседі деп болжануда. Қалада JCI халықаралық аккредитациясынан өткен клиникалар жұмыс істейді. ТМД елдерінен және Қытайдан науқастарды тартуға бағытталған Check-Up бағдарламасы іске асырылуда.

Астана мәдени және спорттық іс-шаралар орталығы ретінде қалыптасуда. 2025 жылы 200-ден астам ірі іс-шара өткізу

жоспарланып отыр. Олардың қатарында тарихтағы ең ауқымды Counter Strike турнирі (жүлде қоры – 1,25 млн АҚШ доллары), «Опералия» халықаралық опера фестивалі және 120 мың адам қатысуы күтілетін Comic Con Astana бар. MICE-туризм (іскерлік) бағыты да ерекше дамуда. 2024 жылы Астанада 60 мың қатысушыны қамтыған 40 халықаралық конференция мен көрме өтті. 2025 жылы бұл көрсеткішті екі есеге арттыру жоспарлануда. Бүгінгі өзінде әлемдік нейрохирургтар конгресі, Халықаралық кітапханалық қауымдастықтар федерациясының конгресі және басқа да ірі шаралардың өткізілуі расталып отыр.

Астана қаласының туристік тартымдылығын халықаралық деңгейде ілгерілету мақсатында Forbes UK, National Geographic, Aviasales сынды жетекші бағылымдармен ынтымақтастық орнатылды. Сондай-ақ елорда әуежайында қаланың брендингі жүзеге асырылады. Туристер үшін ақпараттық қызметтерді жетілдіру шеңберінде заманауи цифрлық гидтер мен ақпараттық терминалдарды орнату қарастырылып жатыр.

Астана Smart City технологияларын енгізу арқылы туристер үшін қолайлы жағдай жасау үстінде. 2025 жылы жасанды интеллект негізіндегі цифрлық гидтер, Safe Travel, izi.travel, 2GIS және TripAdvisor платформаларымен біріктірілген туристік қызметтер жүйесі іске қосылады. Бұл бастамалар қызмет көрсету сапасын арттырып, қаланың туристік тартымдылығын нығайтуға мүмкіндік береді.

Астана қаласы мәслихаты қаладағы маңызды жобалардың тиімділігін жүйелі бақылауда ұстап, туризм саласының дамуына айрықша көңіл бөледі. 2024 жылы мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласының туристік саласын дамыту мәселелері туралы» отырысын өткізіп, бұл саладағы бірқатар түйткілді мәселелерді анықтады.

Атап айтқанда, қалада музей гидтерінің тапшылығы сезілуде. Тарихпен терең таныстыратын арнайы қалалық музей жоқ. Саланың мамандары жеткіліксіз. Хостелдер қызметіне қойылатын талаптар реттелмеген. Инфрақұрылым да әлі де болса жеткіліксіз. Осы мәселелер мәслихат талқылауынан өтіп, қаулыға енгізіліп, тиісті басқармаларға нақты ұсыныстар жолданды. Депутаттар туризм саласын жандандыру мақсатында түрлі

халықаралық кездесулер мен форумдарға белсенді қатысуда. Олар Еуразиялық туристік қауымдастық жиындарына, Қазақ-қытай туристік бизнес-диалогына, сондай-ақ басқа да дискуссиондық алаңдарда атсалысады. Отандық туристік инфрақұрылымды жақсарту, шетелдік инвестиция тарту, елдің табиғи және мәдени мұрасын сақтау бойынша озық тәжірибелерді Астанаға енгізуде халық қалаулылары өз үлесін қосуда.

Мұнымен қоса, Астана қаласы мәслихаты бекіткен елорданың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарына сай биыл туризм саласындағы бірқатар ауқымды жобалар қамтылған. 200-ден кем емес туристік нысан мен субъектіні қамтитын цифрландыруды дамыту, жаңа қонақүй кешендерін салып, қонақжайлық индустриясын 15 мың төсек-орынға дейін кеңейту көзделген.

Туризм саласындағы қызмет сапасын арттыру мақсатында қонақүйлер мен мейрамханалар қызметкерлеріне арналған шеберлік сабақтары, семинар-тренингтер ұйымдастырылмақ. Қала инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бағытында ресми туристік журналдар, қала карталары, медициналық және MICE (іскерлік туризм) каталогтары әзірленіп, олардың кемінде 10 мың данасы басып шығарылады. Сонымен қатар халықаралық туристік көрмелерге, форумдарға, конференцияларға қатысу арқылы елорданың туристік әлеуетін арттыруға басымдық беріледі. Алдағы уақытта кемінде 20 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ.

Болжамға сенсек, 2025 жылы Астанаға келетін туристер саны 1,7 миллион адамға жетеді. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 3 миллионға дейін ұлғаюы мүмкін. Осылайша, елорда жетекші туристік орталықтарының бірі болуға нық қадам жасауда.

Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы
мәслихатының депутаты

СУДАН ТАРЫҚҚАНДАР НЕ ІСТЕЙДІ?

Озық елдер ауыз су сапасының стандартына ерекше мән береді. Өйткені ол халықтың өмір сүру сапасын көрсетеді. Бәрінен бұрын денсаулығына әсер ететін басты фактор саналады. Біріккен Ұлттар Ұйымының бағалауы бойынша әлем халқының төрттен бірінен астамы, яғни 2 миллиардтан астам адам ауыз суға жеткілікті түрде қол жеткізе алмай отыр.



Мемлекет басшысы 2025 жылы Қазақстан халқын 100 пайыз таза ауыз сумен қамтуды тапсырды. Алайда Президенттің тапсырмасы орындалмай қала ма деген күмән бар

Елімізде ауыз су келмеген елді мекендер бар. Осындайда Мемлекет басшысының: «министрлер батыл шешімдерге дайын болуы керек. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері бойынша ол қажетті шешімдерді өз бетінше қабылдауы тиіс» дегені еске түседі.

Президент судың өзектілігін терең түсініп, Су ресурстары және ирригация министрлігін құруға бастамашыл болды. Осы министрлікке қарасты байырғы жобалардың жиыры бітпей келеді. Мәселен, қазіргі Ұлытау облысының орталығын таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2008 жылы Есқұла су құбырының құрылысы жобаланып, 2013 жылы бітуі қажет болған. Алайда әлі аяқталған

жоқ. Мұндай жобалар көп. Егер жобалар жылдап созыла берсе, құны да қымбаттай беретіні айдан анық. Бюджетті үнемдеу – тікелей министрлердің міндеті.

Қызылорда облысына қарасты Ақбасты, Тоқабай, Абай ауылдары, 12 елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ететін Талап топтық су құбыры министрлік атқаруы тиіс жобалар әлі біткен жоқ. Тоқабайдағы жобаның құны 3 млрд-тан басталып, 9 млрд-қа дейін жетіп, жоба құны 3 есеге артты.

Халықты ауыз сумен қамтуға жауапты министр батыл қадам қабылдап, шұғыл шешім шығаруы керек. Қаңтар айының басында сайлаушылармен кездесіп, олардың талап-

тілегін білдік. Халық тұтынып отырған ауыз суының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайының мүшкіл екеніне шағымданды.

Мемлекет басшысы 2025 жылы Қазақстан халқын 100 пайыз таза ауыз сумен қамтуды тапсырды. Алайда Президенттің тапсырмасы орындалмай қала ма деген күмән бар. Себебі «Солтүстік Қазақстан облысы Соколов топтық су құбырын реконструкциялау» жобасы 2018 жылы басталып, әлі бітпеген. Жоба толық 2026 жылы бітеді деп жоспарланып отыр. Бұл жобаларға миллиардтап қаражат кетті. Тағы да айтамыз, аяқталмаған жобалар «Су министрлігінде» біреу емес, көп. Бұл жобалар қашан аяқталып, халық қашан ауыз

сумен қамтамасыз етіледі?

Осы айтылғандарға байланысты ел аманатын арқаулаған Аманат фракциясы келесі мәселелерді шешуді қажет деп есептейді:

Бірінші. Барлық ауыз су бойынша созбалаңға созылған жобаларға толық ревизия жасап, нақты аяқталу мерзімі бойынша жоспар құру қажет. Сондай-ақ жауапкершілігін қоса анықтау керек.

Екінші. Аяқталмаған жобалардың барлығын және алдағы жобаларды өңірлерге беру қажет. Өйткені әр аймақ басшысы өз өңіріне қандай жоба қажет немесе қажет емес екенін жақсы біледі.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты

БІЗ МӘН БЕРМЕЙТІН ҚАЗАҚЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«Даланың данышпаны» атанған бабаларымыз таза-табиғи өнімдерді тұрмысқа пайдалану арқылы біз мән бермейтін құндылықты білді. Қойдың шайыры сіңген таза жүннен жасалған текемет адамның бойына жиналған артық сары су, жаман энергияны өзіне тартып, буындарға артық сары судың жиналуын болдырмайды екен. Таза қойдың жүнінен жасалған текемет сыз, ылғал өткізбейді, адам бойының жылуын бірқалыпты ұстап тұратын қасиетке ие. Соның пайдасын білетіндер қыстық аяқ киімдерге осы күнге дейін киізден ұлтарак салады.



Бүгінгі таңда ұлт-ұрпақ мәселесі, денсаулық халықтық мәселе болып отырған тұста кеңінен етек алған дерттердің бірі буын аурулары, аяқ-тізе сүйектерінің қақсауы, буындарға сары су жиналу сияқты дерттер қазақ даласында бол-

маған. Қысы-жазы далада мал соңында жүріп, желдің өті, аяздың бетінде, іргесі ашық киіз үйде өмір сүрген көшпенді халық тұрмыста пайдаланған бұйымдар арқылы сақтанған. Қазақ даласына сырттан келіп, қызығушылық танытқан зерт-

теуші ғалымдар бабаларымыздың даналығына қайран қалып, «даланың философы» деп атаған. Табиғатпен біте қайнасып, дүние тірліктің тілін білген қазақ тұрмысқа пайдаланатын заттардың қыр-сырын да терең меңгерген. Таза табиғат-

тың өнімі – қойдың терісі мен жүнін, жылқының қылын, ешкінің қылшығы мен түбін пайдаланған.

Қыста – қыстауға, жазда жайлауға көшіп-қонып жүрген бабалардың негізгі тұрағы киіз үй болған. Киіздің ғаламат пайдасының бірі үйдің жылуын да бірқалыпты сақтап, сыртқа шығармайды, сырттағы суықты бойынан өткізбейді. Сондықтан да киіз үй қысы-жазы тұруға ыңғайлы, жылы болған. Жауын-шашын киіздің бойын қуалай ағып, етекке қарай білінбей ағады. Төбеден сорғалап, тамшыламайды. Іште жинаған дүние-мүліктер де су болмайды.

Қазақ даналығында ер-тоқым киіз үйдің іргесінде тұрса, үйге шағатын зиянды жәндік кірмейді. Жылқы иісінің зиянды жәндіктерге, ұсақ құрт-құмырсқаға кері әсері бар екенін біліп, іргеге жылқының тезегін сепкен. Далада мал соңында жүріп, тынығу үшін басына ер-тоқым жастап, айнала-сына жылқының қылы қосылып есілген арқанмен қоршап қойса, зиянды жәндік арқаннан өтпейді екен. Жаннан бұрын малының амандығын сұрайтын малсақ бабаларымыз жылқы малын қатты қадірлеген. Қысы-жазы жылқы мінген қазақ небір қыстың қақаған аязында тоңбайды. Жылқы өзінің бойындағы қызуымен үстінде отырған адамды жылытып отырады. Яғни жылқының табиғи буының өзі суық өткізбейді. Жылқы қылының адам денсаулығына ерекше пайдалы қасиеттері бар екенін білген бабаларымыз жылқыны қадірлеп, жеті қазынаның біріне қосқан.

Алмахан
МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет құрамыз» деп қақсағалы 5-6 жылдан асты. Бірақ мемлекеттік органдардың қызмет көрсету сапасын арттырып, халық пен билікті жақындастыра түседі деген мақсатта айтылған бұл үндеу мемлекеттік мекемелердің шынайы әрекет өлшемі болудан гөрі ауыз жүзінде ғана айтылатын, «естімейтін» Үкіметтің елді алдаусырататын ескі сөзіне айналып кеткендей. Ақтөбе облысындағы мектеп оқушыларының Қытай тағамдарынан улануы бізге осындай ой салды.

ШУ ШЫҚПАСА ШЕШІЛМЕЙ МЕ?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ОҚУШЫЛАР УЛАНҒАН ОҚЫС ОҚИҒА

18 ақпанда Ақтөбе облысы Қобда орта мектебінің бірнеше оқушысы аудандық ауруханаға улану белгісімен түскен. Белгілі болғандай, оқушылардың бірі мектепке сырттан сатып алған белгісіз өнімді әкелген. Сырттыңда ашпанының суреті салынған бұл өнімді сыныптағы жеті бала жеген. Жетеуі де сол сәтте жайсызданып, қалған балалардың өткір иістен басы айналған. Көбі өздерін әлсіз сезініп, денесінде бөртпе пайда болған. Дәрігерлер сыныптағы 23 баланың барлығын ауруханаға жатқызып, тексерген. Зиянды тағамды жеген жеті баладан бөлек, тағы екі балаға улану диагнозы қойылған. Осы жағдайдан кейін атқа қонған Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті еліміз бойынша мың жарым дүкенге мониторинг жүргізген. Мамандар 14 түрлі өнімді сатып алып, әрқайсысының құрамын егжей-тегжейлі тексерген. Зерттеу нәтижесі бойынша аталған өнімдердің құрамында дәм күшейткіштер (тағамдық қоспалар) мен натрий глутаматы (E621), натрий гуанилаты (E627), натрий инозинаты (E631) сынды ауыр металдардың бар екені анықталды. Оларды өндірісте қолдану техрегламенттерінің талаптары да белгіленбеген. Сондай-ақ тағамдарды таңбалауда өнімнің атауы, сандық құрамы, тағамдық және энергетикалық құндылығы, дайындалған күні мен жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, дайындаушының, импорттаушы ұйымның орналасқан жері, ГМО бар екені туралы ақпарат берілмеген. Өнімнің белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалауды растайтын сәйкестік туралы декларация да жоқ болып шықты. Қысқасы, зерттеу нәтижесі Қытайдан әкелінген тіскебасарлардың құрамында адам ағзасына аса зиянды дәм күшейткіш қоспалар бар екенін айғақтады. Оны тұтынудың соңы семіздікке, аллергия ауруларына және ас қорыту жүйесінің бұзылуына әкеліп соғатындықтан, елімізге аталған снектерді әкелуге және сатуға толық тыйым салынды.

«Соңғы кезде Қазақстан нарығында шығу тегі белгісіз зиянды тағамдар қаптап кетті. Алыс-жақын елдерден «қоқыс» тағам-тауарлар арбалап та, дорбалап та тасылып жатыр. Ең қорқыныштысы, «қоқыс» тағамдардың көбін көшелер мен жертелелерде жасайды. Қытайдың өзінде бұл өнімнің зиянды екені дәлелденіп, сайттарында «қоқыс» тағамдары деп көрсеткен. Қытай билігі мұндай залалды тағам өндірушілермен күресіп жатса да, «қоқыс» тағамдар қорғалмаған шетел нарығын жаулап жатыр. Міне, бізге де жетті. Халқымызды зиянды тағамдардан қорғау, аталған мәселеде дұрыс бағыт көрсету шаралары мемлекеттік деңгейде қолға алынуы тиіс» деп бастама көтерген Б.Жексенбай мәселені шешудің нақты 7 ұсынысын ортаға салған.

«Тіл туралы» заңды белден басып жатқаны айтылып, оның жолын кесудің жолдары да көрсетілген болатын.

Ұлтымыздың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты бұл өзекті мәселеге сенатор Бибігүл Жексенбай бірден үн қосып, Сенаттың пленарлық отырысында Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдап, «қоқыс» тағамдардан еліміздің нарығын, балалардың денсаулығын қорғау бағытында нақты ұсыныстарын жеткізді.

«Соңғы кезде Қазақстан нарығында шығу тегі белгісіз зиянды тағамдар қаптап кетті. Алыс-жақын елдерден «қоқыс» тағам-тауарлар арбалап та, дорбалап та тасылып жатыр. Ең қорқыныштысы, «қоқыс» тағамдардың көбін көшелер мен жертелелерде жасайды. Қытайдың өзінде бұл өнімнің зиянды екені дәлелденіп, сайттарында «қоқыс» тағамдары деп көрсеткен. Қытай билігі мұндай залалды тағам өндірушілермен күресіп жатса да, «қоқыс» тағамдар қорғалмаған шетел нарығын жаулап жатыр. Міне, бізге де жетті. Халқымызды зиянды тағамдардан қорғау, аталған мәселеде дұрыс бағыт көрсету шаралары мемлекеттік деңгейде қолға алынуы тиіс» деп бастама көтерген Б.Жексенбай мәселені шешудің нақты 7 ұсынысын ортаға салған.

ҰАДӘ УАҚЫТЫНДА ОРЫНДАЛҒАНДА...

Көп ұзамай Үкімет аталған мәселе бойынша қолға алынған және атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.

«ЕАЭО кеңістігінде «сұр сертификаттардың» басымдылығының өткір проблемасы бар. Сәйкестікті растау құжаттары көбінесе рәсімдерді бұзумен немесе сынақсыз беріледі, бұл контрафактілік өнімдердің көбеюіне және адам денсаулығына теріс әсер етуіне алғышарт шықты. Қысқасы, зерттеу нәтижесі Қытайдан әкелінген тіскебасарлардың құрамында адам ағзасына аса зиянды дәм күшейткіш қоспалар бар екенін айғақтады. Оны тұтынудың соңы семіздікке, аллергия ауруларына және ас қорыту жүйесінің бұзылуына әкеліп соғатындықтан, елімізге аталған снектерді әкелуге және сатуға толық тыйым салынды.

БІР ЖЫЛДАН БЕРІ АЙ ҚАРАП ОТЫР МА?

«Астана ақшамы» газеті өткен жылдың басында «Тамақтан төнген қауіп» (№4, 11.01.2024, Қ.Үсемханұлы) деген тақырыппен мақала жариялап, Қытайдан әкелінген, балалар денсаулығына қауіп төндіретін зиянды тағамдардан сақтану туралы Қазақстанда алғаш рет дабыл қақты. Мақалада Қытайдан әкелінген арзан, бірақ сапасы күмәнді «қоқыс» тағамдардың адам денсаулығына аса зиян екені, оның қаптамасында мемлекеттік тілде жазылған түсіндірмесі де жоқ,

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

ЗАҢ ТҮЗЕЛМЕЙ, МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Жақында «Астана ақшамы» газетінде «Маңдайша мен мәзіріміз қашан түзеледі?» деген тақырыппен көшелердегі көрнекі маңдайшалар мен ас мәзірінің мемлекеттік тілде жазылмай, басқа ұлт тілдеріне жазудың етек алып бара жатқанын айтқан болатынбыз. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңына сәйкес, барлық жарнама мен маңдайша, ең алдымен, мемлекеттік тілде жазылуы тиіс. Егер қосымша басқа тілдер қолданылса, олар қазақ тіліндегі мәтіннен кейін және көлемі бойынша одан кіші болуы шарт. Қазір елімізде осы талап жиі бұзылуда, орыс, ағылшын тілдеріндегі маңдайшалықтар аздай, енді олармен қытайша да қосанжарлап барады. Неге? Бұл біздің тіл басқармаларының әлсіздігі ме, әлде заңның солқылдақтығы ма? Бізше, «су басынан тұнады» дегендей, елімізде әркім өзі білген жазуымен жазып жүргеніне, ең бастысы, тіл туралы заңдағы норманың екіұштылығы себеп секілді.

МАҢДАЙША МЕН МӘЗІРІМІЗ ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?

«Астана ақшамы» газетінде «Маңдайша мен мәзіріміз қашан түзеледі?» деген тақырыппен көшелердегі көрнекі маңдайшалар мен ас мәзірінің мемлекеттік тілде жазылмай, басқа ұлт тілдеріне жазудың етек алып бара жатқанын айтқан болатынбыз. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңына сәйкес, барлық жарнама мен маңдайша, ең алдымен, мемлекеттік тілде жазылуы тиіс. Егер қосымша басқа тілдер қолданылса, олар қазақ тіліндегі мәтіннен кейін және көлемі бойынша одан кіші болуы шарт. Қазір елімізде осы талап жиі бұзылуда, орыс, ағылшын тілдеріндегі маңдайшалықтар аздай, енді олармен қытайша да қосанжарлап барады. Неге? Бұл біздің тіл басқармаларының әлсіздігі ме, әлде заңның солқылдақтығы ма? Бізше, «су басынан тұнады» дегендей, елімізде әркім өзі білген жазуымен жазып жүргеніне, ең бастысы, тіл туралы заңдағы норманың екіұштылығы себеп секілді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының 21-бабында «Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртабандарының мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады. Мемлекеттік ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады. Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады» деп анық жазылған. Міне, бәрін бүлдіріп тұрған осы норма. Бұл арадағы әңгіме тек орыс тіліне ғана қатысты болып тұрған жоқ, мәселе осы заң нормасының орыс тілінен басқа тілдердің де елімізде емін-еркін қолданылуына жол ашып тұрғанында болып тұр. Бізше, бұл норманың мынадай тиімсіз тұстары бар.

Біріншіден, бұл норма қазақ тіліне емес, қостілділікке немесе көптілділікке бағамды береді. Заң мәтінінде барлық ресми элементтер (бланкілер, маңдайшалар) екі тілде, яғни мемлекеттік тіл –

қазақ тілінен қатар орыс тілінде де жазылуы тиіс екені анық айтылған. Ал «қажет болған кезде басқа тілдерде» деген шарт қосымша көптілділікке мүмкіндік береді. Яғни бұл норма мемлекеттік органдар мен мекемелерді қостілділікке мәжбүрлейді. Қайсыбір мекеме тек қазақ тілін қолданғысы келсе де, заң оны орыс тілінде енгізуге міндеттейді. Бұл қазақ тілінің жалғыз мемлекеттік тіл ретінде басымдық алуына кедергі жасайды.

Екіншіден, «қажет болған кезде» тіркесінің күмәнділігі. Заң мәтініндегі «қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады» деген норма «қажеттілікті кім анықтайды?» деген сұрақты тудырады. Егер бұл қажеттілікті мекеме өзі анықтайтын болса, онда қазақ тілінің қолданысы көбейетін мүмкіндігі бар. Бірақ егер оны жалпы ереже ретінде кеңінен қолдануға жол ашылса, қазақ тілі өз позициясын одан сайын әлсіретуі мүмкін. Мысалы, белгілі бір аймақтарда «қажеттілік» сылтауымен орыс тілінен бөлек, өзге тілдер (мысалы, ағылшын, қытай, өзбек, ұйғыр, т.б.) енгізілсе, қазақ тілінің рөлі екінші орынға ығыстырылуы ықтимал.

Үшіншіден, мемлекеттік емес ұйымдар үшін орыс тілі

міндетті емес, бірақ қазақ тілін басып озуы мүмкін. Заңның мемлекеттік емес ұйымдарға қатысты бөлігіне қарасақ, олардың бланкілері мен маңдайшалары «мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де жазылады» деп көрсетілген. Яғни, мемлекеттік емес ұйымдарға орыс тілін қолдану міндетті емес. Бірақ іс жүзінде бұл ұйымдар заңға емес, нарықтық сұранысқа қарай бейімделеді. Егер халықтың бір бөлігі орысша ақпаратты талап етсе, онда олар орыс тілін қосады, ал қазақ тілі тек формальды түрде ғана қалуы мүмкін. Бұл бизнестің құрылымдарында қазақ тілінің әлсіреуіне алып келеді.

Төртіншіден, тауар белгілерінің өзгеріссіз қалуы – қазақ тілін шектеу. Заңның соңғы бөлігі «Қазақстан Республикасында қорғалатын, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшаларында пайдаланылатын тауар белгілері өзгермеген түрінде жазылады» деп көрсетеді. Бұл талап халықаралық брендтердің қазақша аудармасын қиындатады. Мысалы, «McDonald's» немесе «Burger King» сияқты атаулар заң бойынша өзгеріссіз қалады, ал бұл қазақ тілінің жазба мәдениетінде шетелдік

сөздердің көптеп енуіне жол ашады.

Бесіншіден, қазақ тілінің ресми кеңістікте қолданылуына кедергі келтіреді. Шын мәнінде, бұл заң мәтінінің түпкі мәні – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде міндеттеу емес, қостілділікті заңдастыру. Бұл қазақ тілінің негізгі мемлекеттік институттарда жалғыз қолданылатын тіл ретінде орнығуына мүлде мүмкіндік бермейді. Егер заңда «мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың барлық құжаттары алдымен мемлекеттік тілде жазылады, қажет болған жағдайда басқа тілдерге аударылады» деп жазылса, онда қазақ тілі шын мәнінде басымдыққа ие болар еді. Бірақ бұл заң нормасы қазақ тілін орыс тілімен қатар деңгейде қалдырып отыр. Яғни қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін нығайтудан гөрі, оны орыс тілімен тең ұстау механизмін қалыптастырып тұр.

Қысқасы, қазақ тілі нағыз мемлекеттік тіл ретінде үстем қолданыста болуы үшін заңда «барлығы мемлекеттік тілде жазылады» деген нақты талап болуы керек. Әйтпесе, бұл заң қазақ тілінің тек формальды түрде қала беруіне алып келеді.

АҚШАҢНАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛМА!

Соңғы уақытта елімізде алаяқтықтың жаңа түрі кең таралуда. Алаяқтар өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, азаматтарға қоңырау шалып, олардың шоттарына қауіп төніп тұрғанын айтып, SMS арқылы келген кодты сұрайды. Бұл кодты алған соң, алаяқтар жәбірленушінің шотынан ақшаны шығарып, тіпті оның атына несие де рәсімдейді.

Алаяқтар SIP телефония бағдарламалық құралдарды қолданып, банктердің ресми нөмірлерін көшіріп, сенімділікті арттырады. Қоңырау барысында олар шоттағы күдікті әрекеттер туралы хабарлап, мәселені шешу үшін SMS-кодты айтуды немесе қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын орнату сұрайды.


«Көп жағдайда алаяқтар клиенттің картасына немесе банк шотына сырттан қол сұғылып жатқанын айтады. Шотты бұғатау үшін дереу әрекет ету керектігін ескертеді. Осылайша, қауіпсіздік шаралары үшін SMS-кодты сұрайды. Кей жағдайда ApyDesk, TeamViewer ескертеді. Қоңырауларға сенбеңіз. Егер банк қызметкерімен біреу хабарласса, интернет-банктегі ресми нөміріне өзіңіз қоңырау шалыңыз.

3. Қашықтан басқару бағдарламаларын орнатпаңыз. Банк немесе басқа ұйымдар сізден телефон арнайы бағдарламалар орнатуды сұрамайды.

4. Ресми ақпарат көздерін пайдаланыңыз. Күмәнді жағдай туындаса, банктің ресми сайтындағы ақпаратты тексеріңіз.

5. Алаяқтық туралы хабарлаңыз. Егер сіз алаяқтардың қоңырауын алсаңыз, бұл туралы банкке және құқық қорғау органдарына хабарлаңыз, тексеріңіз.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ, студент



«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» – ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ТАЛАБЫ

Жақында Астанада «Қауіпсіз жол» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы өтіп, соның барысында жол қозғалысы ережелерінің өрескел бұзылуын анықтауға ерекше назар аударылды.

Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шара барысында көлік құралын мас күйінде басқару, басып озу, қарсы қозғалыс жолағына шығу, маневр жасау, жол қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өткелінен өту, жолаушылар мен ауыр жүктерді тасымалдау ережелерін сақтау, қоғамдық көлік жүргізушілерінің рейс алдындағы және медициналық тексеруден өтуі, қауіпсіздік белдіктері мен балаларды ұстап тұратын құрылғыларды пайдалану тәртібіне назар аударылды. Сонымен қатар автобустардың техникалық жағдайы мен заңсыз қайта жабдықталуы, техникалық байқаудан өтуі, жүргізушілердің қажетті құжаттарының болуы, яғни жол

парағы, көлік құралына тіркеу құжаты, техникалық байқау құжаты тексерілді. Нәтижесінде 3336 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, оның ішінде қоғамдық орындарда мазасыздану бойынша 58 такси жүргізушісі, ҚР аумағында болу ережелерін бұзған 113 шетелдік азамат, тіркеуден өтпеген көлікті айдағаны үшін 47 жүргізушісі, жалған мемлекеттік тіркеу нөмірімен көлік жүргізу кезінде телефон немесе радиостанция пайдаланған 183 жүргізушісі анықталды. Сонымен қатар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдігін пайдалану ережелерін бұзған 484 жүргізушісі, маневр жасау ережелерін бұзған 162 жүргізушісі, жолға жолаққа

шығып кеткен 61 жүргізушісі, бағдаршамның тыйым салынған сигналына қарамай жолдан өткен 129 жүргізушісі, жаяу жүргіншілерге жол бермеген 108 жүргізушісі, апаттық жағдай туғызған 111 жүргізушісі, мас күйінде көлік жүргізген 25 жүргізушісі, жүргізу құқығы жоқ болса да көлік айдаған 55 жүргізушісі, медициналық куәландырудан бас тартқан 2 жүргізушісі, белгіленбеген жерден жолды кесіп өткен 591 жаяу жүргіншісі, жол жөндеу, теміржол өткелдерін және басқа да жол инфрақұрылымдарын ұстау талаптарын бұзған 23 ұйым жауапқа тартылды. Ал бұрын жүргізуші құқығынан айырылған 5 адам, алдын ала рейстік және медициналық тексеруден өтпеген такси



көліктерін шығарғаны үшін 10 такси компаниясының жауапты тұлғалары әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Іс-шара барысында БАҚ өкілдерімен бірлесіп, жолдарда түсіндіру жұмыстары жүргізілді, жедел-алдын алу іс-шарасының барысы кеңінен жарияланды. Жол-көлік оқиғалары жиі болатын орындарда кезекшілік күшейтілді, жұма күндері «Жаяу жүргіншісі», демалыс және мереке

күндері «Мас жүргізушісі – қылмыскер» алдын алу іс-шаралары өткізілді. Жаяу жүргіншілердің қауіпті жерден өтуін болдырмау мақсатында дыбыстық және жарықтық хабарлау құрылғылары арқылы жол қозғалысы ережелерін сақтау жөнінде ескерту жұмыстары ұйымдастырылды, – дейді Астана қаласы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Ержан Әділбеков.

Оқу орындары мен халық көп жиналатын жерлердің маңында патрульдік нарядтар мен жаяу кезекшілік қойылып, көліктерге күшейтілген тәртіпте бақылау жүргізілді. Астана қаласының ПД Жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары арқылы патрульдік нарядтардың жұмысы жол қозғалысы ережелерінің өрескел бұзылуын болдырмауға бағытталды.

ҚАЗАҚ РУХЫН ОЯТҚАН ТҰЛҒА

ҚР Ұлттық музейінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Қазақ рухын оятқан тұлға» атты фото және архив құжаттарының көрмесі мен дөңгелек үстел өтті.



лар жүргізілетінін, сонымен қатар М.Дулатұлының кесенесін жөндеу бойынша істелетін жұмыстарға тоқталып, қазіргі таңда өңірде атқарылып жатқан және ендігі істелетін жұмыстар туралы баяндама жасады. Сөз соңында Алаш атымен күреске шыққан ұландарымыздың еңбегін дәріптеу бүгінгі ғалымдар мен ұрпақтың міндеті екендігіне тоқталып, Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлына М.Дулатұлының картинасын сыйға тартты.

Одан кейін сөз алған әдебиетші, тарихшы ғалымдар М.Дулатұлының қазақ тарихындағы ролін, оның Алаш қозғалысындағы белсенді қатысуын, сондай-ақ ұлт тәуелсіздігі мен ұлттық сана-сезімін дамытудағы еңбегін кеңінен талдады. Сондай-ақ оның тарихи көзқарастары мен сыяқ күрестерінің қазақ халқының болашақ тарихы үшін үлкен маңызға ие екенін атап өтті.

Дөңгелек үстелден кейін Ұлттық музейдің Торғай Жангелдин мұражайлар кешенімен бірлесіп ұйымдастырған көрмесі таныстырылды. Аталған экспозицияда М.Дулатұлының отбасына байланысты жәдігерлер алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылды.

Айталық, көрмеде ХХ ғасырдың басында қазақ халқына «Оян, қазақ!» деп үн қатқан Міржақып Дулатұлының жеке заттары, әйелі Ғайнижамалдың және балалары Әлібек пен Гүлнардың заттары, сондай-ақ отбасы пайдаланған тұрмыстық бұйымдар мен 100-ден астам сирек фотосуреттері қала тұрғындары мен қоғамдарына, студенттер мен мектеп оқушыларына кеңінен таныстырылды.

Оған белгілі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақынның туыстары, Қостанай облысының делегациясы мен Астана қаласындағы М.Дулатұлы атындағы мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты.

Іс-шара тізгінін ұстаған Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы шараның Алаш арысы Міржақып Дулатұлының ұлтқа сіңірген еңбегі туралы айта келе, оның 140 жылдық мерейтойын мемлекеттік деңгейде атап өтудің маңызына тоқталып, еліміз деген егедей еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын, жас ұрпақтың ендігі бір міндеті азаттық жолында арпалысқан арыстарды ұлықтау екендігіне айрықша тоқталды.

Сондай-ақ іс-шара барысында Қостанай облысы әкімінің орынбасары Арман Әбенов арнайы облыс әкімінің құттықтау сөзін жеткізіп, Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы аясында облыста жыл бойы танымдық, мәдени іс-шара-

«МЕНИҢ МАҒАУИНИМ»

Елордамыздағы жазушылар ғимаратында Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалы және халықаралық «TURKISTAN» газетінің ұйымдастыруымен «Менің Мағауиним» атты қаламгерлердің дөңгелек үстелі өтті.

Шапағат ӘБДІР

Аталған іс-шараға қолына қалам ұстаған қазіргі қазақ прозасының орта буыны мен жас буын өкілдері қатысты. Жиналыстың мәні мен маңызына тоқталған филиал төрағасы Бауыржан Бабажанұлы кезекті отырыстың ұлы жазушы Мұхтар Мағауиннің шығармашылығын талдауға арналғанын атап өтті. Ал жиналған қалам иелері Мағауиннің бір-бір шығармасын талдап, өздері оқыған кітаптардың әсерімен бөлісті.

Мысалы, ақын, жазушы Ұларбек Дәлейұлы «Алтын Орда» шығармасын оқығандағы өзінің алған әсерімен бөліссе, жазушы, баспагер Арман Әлменбет «Көкбалақ» романын талдап, Мағауиннің кеңес заманының өзінде ұлттық рухты жаңғыртқан тұлға екендігін айтып, оның жазушылық қайраткерлігі туралы айтып.

Ал жазушы Қанат Әбілқайыр Мұхтар Мағауинмен екі мәрте кездескенін, сол кезде оның аса ұқыптылығын, әдебиеттегі ең кішкентай детальға дейін мән беретін қырағылығын байқап таңғалғанын атап өтті. Сонымен қатар ол «Он жеті әйел алған Исахан ағам» әңгімесін талдай отырып, Мағауиннің адам жанының терең қабаттарын қалай дәл бейнелейтінін таңдана әңгімеледі.

Бұдан бөлек дөңгелек үстел барысында Ораз Қауғабаев, Есбол Нұрахмет, Бақытбек Қадыр, Дүй-

сенәлі Әлімақын, Серік Әбіл, Олжас Сәндібек қатарлы ақын-жазушылар да сөз алып, жазушының шығармашылық әлеміне терең бойласа, жазушы Жадыра Шамұратова «Әйел махаббаты» шығармасын талдай отырып, Мағауиннің әр әңгімесінің астарында тағаны берік ел болып қалу, шөре-шөре емес, өзін сыйлайтын ұлт ретінде ояну, саналарда сілкініс жасау мұраты бар екенін айтып, оның «Қос ағаш», «Оң мен сол», «Құрдың қу жілігі», «Тазының өлімі», «Менің түрлі түстерім», «Қасқыр-бөрі», т.б. әңгімелерін қайыра оқысақ және мектептегі жоғары кластың «Қазақ әдебиеті» оқулығының хрестоматиясына осы дүниелер енгізілсе, бұл бала танымына да ауыр емес, өзіміз де ойлана берер едік, – деген ұсынысын айтты.

Ал зерттеуші, ақын Тізімбек Анаш Мағауиннің 27 томын толық оқып шыққанын әрі жазушының шын мәніндегі еңбекқор, нағыз әдебиет үшін туған қаламгер екенін, 27 том шығармасының 17 томын 2000 жылдан кейін жазушының өзі оның қандай қажырлы еңбек еткендігінен дерек беретіндігін айтып, Гете мен Мағауин шығармасындағы биіктік пен кеңістікті салыстыра отырып, екі алыптың өмірі мен өлімінің ұқсастығын туралы да әңгімеледі. Осылайша ұлы жазушының шығармасын талқылаудан бастаған жиналыс бұдан кейін де жалғасын табатындығын айтып филиал төрағасы Б.Бабажанұлы сөзін түйіндеді.

Кеше Байқоңыр ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай салтанатты шара өтті. «Арулар – асыл жандар» тақырыбындағы кеште Астана қаласы мен Байқоңыр дамуына үлес қосып келе жатқан қыз-келіншектер арнайы марапатталды.

Ержан ҚОЖАС



БАЙҚОҢЫРЛЫҚ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



Мерекелік шараға аудан әкімі Талғат Рахманберді қатысып, қонақтарды көктемнің көрікті мерекесінің бірі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Сондай-ақ ауданда тұратын алтын құрсақты аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін тақты.

«Бүгін Мемлекет басшысының арнайы Жарлығымен «Күміс алқа» төсбелгісін алдым. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Жалпы мемлекетіміз ана мен балаларға деген қамқорлығын жыл сайын көбейтіп келеді. Бүгін өзімнен бірге осындай марапат алған барлық аналарды құттықтағым келеді. Бұған қоса Президентіміз бен Астана қаласы және Байқоңыр ауданы әкімдігі аппаратына алғысым шексіз. Еңбектеріңізге жеміс, дендеріңізге саулық тілеймін» дейді алты баланың анасы Мунира Тұрсынбаева.

Мұнан соң Талғат Абайұлы Байқоңыр ауданын көркейту мен дамыту жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан әр саладағы нәзік жандарға мерекеге орай Алғыс хат табыстады. Олардың қатарында «ЕТМ SERVICE» тазалау учаскесінің шебері Әсемхан Кәкеш бар. «Отбасы жылуын сұлтпай, тал бесікті тербей отырып, бауыр еті – баласына бар махаббатын аямайтын аналар жайлы қалай мадақтасақ та жарасады. Ұрпағына өз ұлтының бар адами болмысын

себе білген ана құдіретімен еш сезім таласа да алмас. Бүгінгі мерекенің көркің келтіріп, кереметтей кеш ұйымдастырған Байқоңыр ауданы әкімдігіне көп рақмет. Барша астаналық аналарды мерекемен құттықтаймын!» деп тілегін білдірді ол.

Шара соңы К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің өнерлі студенттерінің қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласты.

ТЕМЕНОВ ӘЛЕМІМЕН ТАНЫСТЫРАТЫН ТУЫНДЫ

Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті театр және кино режиссері, Қазақстанның Халық әртісі Талғат Теменовтің «Ай астындағы әңгіме» атты кітабының таныстырылымы өтті. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәртебелі өнер мамандары, белгілі қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бұған дейін автордың «Гүлназ», «Ой-Жасын», «Айғағым болшы, ақ сәуле», «Таң нұры», «Беймәлім таныс бейнелер» атты кітаптары жарық көрген. Ал жаңа жинағына соңғы жылдары жазылған эсселері мен очерктері, сұхбаттары мен сценарийлері топтастырылған.

Белгілі ақын, Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы жүргізген іс-шараны көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай ашып, Талғат Теменов қазақ өнеріне, соның ішінде кино мен театрға, жалпы қазақ руханиятына үлкен еңбек сіңіргенін, үлкен ұстаздардың ең алғаш жазушы ретінде танығанын атап өтті. Режиссер ұстаздар отбасында туып, анасы Күлшәрия суы-



рыпсалма ақын болғанын, балаларының бойына сөз бен саз өнеріне махаббаттың дәнін сепкенін айтты.

«6-7 жасар кезінде Лев Толстойдың повестерін оқып, қатарластарына түсіндіре бастаған Талғат елдің көз алдында үлкен-үлкен мектептерден өтті, үлкен ұстаздардың алдын көрді. Өзінің шығармаларында «Махаббат бекетінен» бастап қолтаңбасы мен мектебі анық көрініп

тұрады. Жаңа кітабынан да мінезі көрінеді екен. Осы кітапты оқып шыққан адам Талғат Теменов әлемімен танысады, бұл әлемге енеді» деді Ғалым Жайлыбай.

Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменов әдебиет пен өнер осы заманда адамгершілік негіздерін сақтаудың тетігі екенін айта келе, «осындай кітаптың жарық көруі – ұлттың дамуындағы қажеттілік» деді.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**КӨМЕКТИҢ ТОҚТАУЫ
КӨРНЕКТИ ҚАТЕР**

АҚШ-тың қару-жарақ жеткізуін тоқтатуы тек Украина үшін ғана емес, сонымен бірге НАТО мен бүкіл Батыс әлемінің ұстанымына да әсер етуі мүмкін. Өйткені соңғы жылдары Украина тек АҚШ-тың ғана емес, НАТО елдерінің де әскери көмегіне арқа сүйеп келген. Яғни соғыста қолданылған қару-жарақтың 40 пайызы АҚШ-тан, 30 пайызы Еуропа елдерінен көмекке жіберілсе, қалған 30 пайыз қару-жарақ Украинаның өзіне тиесілі.

АҚШ-тың Украинаға әскери көмекті тоқтатуы соғыстың жалпы барысына үлкен әсер етеді. Еуропа елдері бұл көмекті толық алмастыра алмайды, себебі бұған дейін әуе қорғаныс жүйелері, зымырандар, артиллерия, бронды техника, қосалқы бөлшектер және барлау мәліметтері сияқты негізгі әскери қолдауды АҚШ қамтамасыз етіп келген. Patriot жүйесінің зымырандары азайған сайын, Украина әуе шабуылдарына қарсы тұруда қиындық көреді. HIMARS пен ATACMS секілді дәлдігі жоғары зымырандардың жетіспеуі майдандағы жағдайды әлсіретеді. M777 гаубицалары мен 155-мм снарядтар Украина шабуылдарының тиімділігін қамтамасыз еткен еді, ал олардың жеткізілуі тоқтаса, Украина ауыр артиллериялық қарусыз қалады.

Сонымен қатар, АҚШ-тың әскери техникасына қажетті қосалқы бөлшектердің жетіспеуі де соғысқа кері әсер етеді. Барлау деректері мен спутниктік ақпараттың тоқтауы Украина үшін жағдайды одан әрі қиындатуы мүмкін.

**ЕУРОПА МЕН НАТО
ҚОРҒАН БОЛА МА?**

Өткен аптаның соңында Еуропа елдерінің көшбасшылары Лондонда бас қосып, Украинаға көмек көрсету және оған қауіпсіздік кепілін беру мәселесін жан-жақты талқылады. Осыдан бірнеше күн бұрын Вашингтонда Трамппен кездескен Франция президенті Эммануэль Макрон мен Ұлыбритания премьер-министрі Кири Стюарт Ресей-Украина соғысын тоқтату келісімі жасалса, Украинаға бітімгерлік күштерін жіберуге дайын екендерін білдірген болатын. Алайда Украина президенті Владимир Зеленскийдің Ақ үйде Трамппен журналистер алдында сөз таластыруы әлемдік геосаясатта үлкен дүрбелең тудырды. Трамп АҚШ-тың Украинаға қауіпсіздік кепілдігін бермейтінін кесіп айтты және Еуропа әскерін бұл міндетті өз қолына алуға шақырды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан бері АҚШ Еуропаның қауіпсіздігінің негізі кепілі болып келеді. НАТО құрылған кезден бастап, Еуропаға жүз мыңдаған сарбаз орналастыру арқылы Кеңес Одағының ықпалына қарсы тұрды. Қазірге дейін АҚШ Еуропа аумағында тұрақты түрде 65 мың сарбаз ұстап отыр. Сонымен қатар, НАТО-ға қажетті озық қару-жарақ, қорғаныс жүйелері мен басқа да әскери қаражаттың да үлкен үлесін АҚШ арқалап келеді. 2024 жылы АҚШ-тың қорғаныс саласына бөлінген қаржысы 860 миллиард долларды құрап, НАТО-ның барлық мүшелерінің жалпы әскери бюджетінің екі ортаңын ескерсек, атағы Алатаудай НАТО да АҚШ-қа арқа сүйеп тұрғанын аңғарамыз. Яғни НАТО әскери тұрғыдан қуатты болғанымен, Еуропа әлі де АҚШ-қа тәуелді.

Украинаға көмек тұрғысынан алып айтсақ, 2022 жылы Ресей – Украина соғысы басталғалы бері АҚШ Украинаға 183 миллиард доллардан астам әскери көмек көрсетті. Ал Еуропалық Одақ осы уақытқа дейін Украинаға 141 миллиард доллар көмек көрсетіп, оның 51 миллиард долларын әскери қолдау ретінде ұсынды.

**НАТО-НЫҢ НАҚТЫ
КҮШІ ҚАНШАЛЫҚ?**

Қазір НАТО-ның еуропалық мүшелерінде 2 миллионнан астам сарбаз



КЕРІСТІҢ СОҢЫ КЕЛІСІММЕН АЯҚТАЛА МА?

Трамп Украинаға әскери көмек көрсетуді тоқтатты. Сөйтіп Украинаға бет алған қару-жарақ Польшадағы терминалда, Еуропадағы жеткізу бекеттерінде, порттарда, кемелерде қаңтарылды да қалды. Сонымен қатар, Вашингтон Ресейге қарсы санкцияларды жұмсарту жоспарын да әзірлеп жатыр. Бұл онсыз да 3 жыл бойы жалғасқан соғыстан титықтаған Украинаға қатты соққы болды. Еуропа елдері Украинаға көмектесуге ниет танытқанымен, олардың өндірістік қуаты мен қорлары АҚШ-тікіндей ауқымды емес. Ендеше, АҚШ-тың қолдауынсыз Еуропа Украинаға нақты қауіпсіздік кепілдігін ұсына ала ма? Еуропаның шынайы қорғаныс әлеуеті қандай? Бұл аймақтың АҚШ-қа тәуелділігі қаншалықты? Қазір әлемді толғандырып тұрған сұрақ осы.

**ҚАЙТА МӘМЛЕТГЕ
КЕЛЕ МЕ?**

бар, алайда олардың тек бір бөлігі ғана тікелей НАТО басшылығына бағынады. Әскер саны жағынан алып айтсақ, Түркия мен Польшаның әскер саны ең көп – жеке-жеке 481 000 және 216 000 сарбазды құраса, одан кейінгі орында Франция (205 000), Германия (186 000), Ұлыбритания (138 000) тұр. Сондай-ақ НАТО-ның Еуропадағы одақтастарында 7 000 әскери ұшақ, 6 800 танк, 2 170 әскери кеме және 6 авиатасығыш бар. 2006 жылдан бастап, НАТО елдері өздерінің ЖІӨ-нің кемінде 2%-ын қорғанысқа жұмсауға келісті. 2024 жылы Еуропадағы 30 НАТО мүшесінің 22-сі осы межеге жеткен. Қазір Трамп одақтастарынан осы өлшемді 5 пайызға дейін көтеруді талап етіп, «әйтпегенде АҚШ Еуропаның қауіпсіздігіне кепілдік бермейді, керек болса АҚШ бұл ұйымынан да шығып кетеді» деп құқай көрсетуде.

Ресейдің НАТО-ға көзқарасына келсек, Ресей НАТО-ның кеңеюін Украинадағы соғыстың негізгі себептерінің бірі деп санайды. 1949 жылы 12 елден құрылған НАТО бүгінде 32 мүшеге жетті және Ресей шекарасына қарай кеңейіп келеді. Украина, Грузия, Босния және Герцеговина да бұл ұйымға қосылуға ниет танытып отыр.

Қазіргі уақытта әлемдегі әскер саны ең көп елдердің біріне жататын Ресейде кем дегенде 1 320 000 әскер бар. Сондай-ақ шамамен 2 миллион әскери қызметші запаста тұр. Ресей әлемдегі ең үлкен ядролық арсеналға ие ел: шамамен 5,580 ядролық оқтұмсығы бар (АҚШ-та 5,044). Әскери техникасына келсек, Ресейдің 4,100 әскери ұшағы, 12,500 танкі, 820 әскери кемесі және бір авиация тасымалдаушы алып кемесі бар. Дегенмен, Украинадағы соғыс Ресейдің әскери қуатына үлкен соққы болды. Батыстық сарапшылардың бағалауы бойынша, Ресей бұл соғыста неше жүздеген танкінен, мыңдаған бронды техникасынан, неше он мыңдаған сарбазынан айырылды.

Зеленский қанша жерден Трамптың бетінен алғанымен, Украина бәрібір АҚШ-тан қол үзе алмайды. Өйткені Украина үшін АҚШ – тек қару-жарақ жеткізуші ғана емес, ең басты саяси және экономикалық демеуші. Қазіргі соғыста Киевтің жеңіске жетуі немесе кем дегенде өз жерін сақтап қалуы Вашингтонның көмегіне тікелей байланысты.

Екінші тұрғыдан, АҚШ – тек әскери көмек беретін ел емес, Батыс әлемінің көшбасшысы. Егер Вашингтон Украинадан теріс айналса, онда басқа да мемлекеттер АҚШ-тың аялына бағып, Киевті қолдауды азайтуы мүмкін. Сондықтан Зеленский үшін Трамптың саяси шешімдеріне қарамастан, АҚШ-пен қарым-қатынасты сақтап қалу өте маңызды. Яғни Зеленский Трамптың шешімдеріне ашық наразылық танытқанымен, Украина АҚШ-тан толықтай қол үзе алмайды. Бұл – саяси шындық. Егер Украина жеңісті мақсат етсе, Вашингтонның көмегіне мұқтаж болып қала бермек.

Сейсенбі күні АҚШ-тың вице-президенті Вэнс тілшілерге сұхбат бергенде АҚШ-тың Украинаға көмегі мен бейбіт келіссөздер туралы тоқталып: «Трамп Украинаға көмекті тоқтатқан соң, АҚШ бейбіт келісім бойынша Ресеймен бірге жұмыс жасайды. Зеленский бәрібір келісімге келеді. Украина бейбіт келісімге дайын екендігін білдірсе, Трамп бірінші болып телефон тұтқасын алатын болады» деді. Осыдан кейін Украина президенті Зеленский «Украина шынайы бейбітшілікті орнату үшін жылдам арада келіссөз үстеліне отыруға дайын. Бүгінде украин халқы сияқты әлемде бейбітшілікті қалайтын ешкім жоқ. Мен және менің командам бейбітшілікке қол жеткізу үшін көшбасшы президент Трамппен бірлесу істеуге дайын. Біз АҚШ-тың тәуелсіздігіміз бен дербестігімізді сақтап қалу үшін қосқан үлесін бағалаймыз. Әлбетте президент Трамптың

Украинаға «Джевелиндер» беріп, бетбұрыс жасағаны да есімізде. Вашингтон төріндегі кездесуіміз біз жоспарлағандай болған жоқ. Олай болмағаны өкінішті-ақ. Барлығын да дұрыс атқарар уақыт келді. Біз жүйелі қатынас пен әрі қарай әріптестікті қалаймыз. Минералдар мен қауіпсіздікке қатысты келісімге келетін болсақ, Украина ол құжатқа кез келген уақытта кез келген форматта қол қоюға дайын» деп мәлімдеді.

Сейсенбі күні Reuters агенттігі «АҚШ пен Украина сирек кездесетін ресурстар мен минералдар туралы келісімге қол қояды. Трамп бұл туралы Конгресс жиынында мәлімдейді» деп жазса, CNN «Зеленскийдің жоспарында жазылған табиғи ресурсты игеру туралы тармақ Трампты қызықтыруы мүмкін әрі ол Украинаның тығырықтан шығу жолына айналуы ықтимал» деп жазған еді. Айтқаны айнымай келді. Сәрсенбі күні АҚШ Президенті Дональд Трамп Конгрестің бірлескен отырысында сөз сөйлегенде Зеленскийдің оған хат жолдап, Киевтің АҚШ басшылығымен келісімге келіп, қақтығысты тоқтатуға дайын екенін білдіргенін айтты. Трамп «Украина тұрақты бейбітшілікті бір қадам алға жылжыту үшін келіссөздер үстеліне мүмкіндігінше тезірек отыруға дайын» деп хаттан үзінді келтірді.

Қысқасы, АҚШ пен Украина арасындағы қарым-қатынас ақырында өзара келісімге келумен аяқталатын сияқты. Вице-президент Вэнстің мәлімдемесі мен Зеленскийдің жауабы екі тараптың да диалогқа дайын екенін көрсетті. Украина бейбіт келісімге мүдделі екенін ашық айтты, ал Трамп бұл процеске араласуға ниетті. Сонымен қатар, екі ел арасындағы минералдар мен қауіпсіздікке қатысты келісім Вашингтон мен Киевтің әріптестігін жаңа деңгейге шығаруы мүмкін. Сирек кездесетін ресурстарды игеру Трамп үшін қызықты ұсыныс болып, Украина үшін тығырықтан шығудың бір жолына айналуы ықтимал. Ақырында, саяси-экономикалық мүдделер қақтығыстан гөрі келіссөз үстелінде түйсетін секілді.

**ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ****САУДА СОҒЫСЫ
КҮШЕЙДІ**

Трамп Қытай тауарларына салынатын баж салығын 20 пайызға ұлғайтты. Бұл шешім Пекиндегі есірткінің заңсыз айналымы мен оның салдарымен күресу үшін жеткілікті шаралар қабылдамауына байланысты.



Қытай Дүниежүзілік сауда ұйымына шағым түсірді. Сондай-ақ АҚШ өнімдеріне қарымта тариф енгізеді. Келесі аптадан бастап Америкадан келетін ауылшаруашылық тауарларына 10% мен 15% аралығында қосымша баж салығы салынады.

Трамп Мексика мен Канада тауарларына да баж салығын 25 пайызға көтерді. Канада АҚШ билігі сауда соғысын тоқтатпайынша қарымта жауапты жалғастырамыз деп мәлімдеді.

**МҰНАЙ БАҒАСЫ
АРЗАНДАЙ
БАСТАДЫ**

Әлемде мұнай арзандады. Оған ОПЕК+ шешімі себеп. Ұйымға мүше елдер 1 сәуірден бастап мұнай өндіру көлемін арттыруға келісті. Бұл нарықта ұсыныстың көбеюіне әкелуі мүмкін.



Шикізат бағасының төмендеуіне АҚШ пен өзге елдер арасындағы сауда соғысының өршуі де әсер еткен. Негізгі ОПЕК+ ұйымының қара алтын өндіру көлемін арттыру шешімі былтыр қыркүйекте күшіне енуі керек еді. Бірақ сұраныстың төмендеуіне байланысты бірнеше рет кейінге қалды. Енді альянстың бұл жолғы келісімі келер жылдың күзіне дейін жалғасуы тиіс.

**АЛТЫННАН
ТҮСКЕН ПАЙДА**

Алтын бағасы өсіп, Швейцария орталық банкі 90 млрд доллар көлемінде пайда тапты. Мұндай рекордтық көрсеткіш 2017 жылы тіркелген еді.



АҚШ билігі өзге елдерге баж салығын салам дегеннен кейін бағалы металл деген сұраныс артып, бағасы өсіп барады. Жыл басынан бері 12 пайызға қымбаттап, бір унциясы 2 мың 954 долларға жеткен. Бұл бір жарым миллион теңгеге жуықтайды. Әлемнің орталық банктері алтын қорын арттырып жатыр. Былтыр бағалы металды Польша, Түркия мен Үндістан елдері көптеп сатып алған.

ДҮЙСЕНБІ

10 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
